**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша академиялық комитет мәжілісінің**

# № 2 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **24.11.2022 ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD, аға оқытушы М.Сұлтанбек,АК мүшелері – PhD, аға оқытушы Б.Ауезов, PhD, аға оқытушы Г.Абдуллина, аға оқытушы С.Сахитжанова, аға оқытушы Ж.Шалабаева; жұмыс беруші өкіл №23 IT мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Акилбекова, «Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Р.Уримова, білімгерлер 7М01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі магистрант А.Ү.Төребай; білімгер Д.Р.Тимерхан.

Қатыспағандар: -

**Күн тәртібінде**

1.Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
2.Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
3.ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4.Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
5.Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
6.Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы М.Сұлтанбек:**Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күнтәртібінде «6В01303- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» бакалавр деңгейіндегібілім беру бағдарламасы бойынша ішкі аудит ұйымдастыру. БББ әзірлеу тақырыбынасеминар, тренинг ұйымдастыру. Бакалавр дейңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқытунәтижелерін қайта тұжырымдау. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін жәнеқұралдарын жобалау. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойыншаатқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**АК мүшесі - Б.Ауезов:** Бірінші мәселе бойынша, Бакалаврдеңгейіндегі БББ ішкі аудитін ұйымдастырылып Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойыншаоқу жоспарында көрсетілген пәндергеаудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындауүшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесубарысында 6В01303- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесін даярлау бағытыбойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілерболашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып,бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өзұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндерiталқыланып қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмысберушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

**АК мүшесі - Г.Абдуллина:** Екінші мәселе бойынша, БББ әзірлеутақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайнұйымдастырылды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделінқалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары менміндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты,дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасынасәйкес құзеттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

**АК мүшесі – С.Сахитжанова:**Үшінші және төртінші мәселелербойынша, бакалавриат-кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиістібілім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадр даярлауғабағытталған жоғары білім деңгейі, БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсібипрактикалардың түрлерін оқуды қамтиды. Сондықтан осы мәселені ондағы пәндердібіріктіру мәселесін ақылдасып шешімін қарау керектігін айтып өтті. Білім алушылардың оқужетістіктері-білим алушылардың оқу үрдісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізгендаму деңгейін көрсететін білім, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі; Бакалаврдеңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек.

**АК төрағасы М.Сұлтанбек:** Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілістеқарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағыуақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оңшешімін табады деген сенімдемін.

**Шешім:**Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті және ББ әзірлеу тақырыбынабайланысты семинар ұйымдастырылсын. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын жәнеоқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылатын іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

**АК төрағасы:** **М.Сұлтанбек**

**Хатшысы:** **А.Ү.Төребай**